

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Президент Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» деп атап көрсетілді. Мемлекет басшысы ұсынған бағдарламалық құжаттар әрбір қазақстандыққа, оның ішінде ұстаздар қауымына да тікелей қатысты екендігі сөзсіз. Өйткені маңызды құжаттарда көрсетілген бағыттарды мұғалімдердің қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін емес.

Білімді, кәсіби мұғалім дайындау мемлекеттің қарқынды дамуын қамтамасыз ететін негізгі ресурс. Осы тұрғыдан алғанда, құзыретті және бәсекеге қабілетті, алған білімін тәжірибеде қолдана білуге және өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім болашақ ұстаз тұлғасын қалыптастыру бүгінгі педагогикалық білім жүйесінің басты міндеті болып отыр.

Жоғары білікті, жаңа тұрпатты мұғалім дайындау негізгі мақсаты болып табылатын Жұбанов университетінде бүгінгі күні 13000 мыңға жуық студент, магистранттар мен докторанттар білім алууда. Оның 627-і «Мәңгілік ел – индустрияға!», «Серпін» әлеуметтік жобалары бойынша білім алушылар. Оларға 300-ге жуық ғылым докторлары мен кандидаттары, Ph докторлар, 200-ден астам ғылым магистрлері дәріс береді.

Қазір университетте жаңартылған білім жүйесі жағдайында білім беруді нәтижеге бағдарлау, оқытуды студенттің жеке тұлғасына және тәжірибеге бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу жүзеге асырылуда.

Болашақ ұстаздардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар меңгеруі – қазіргі уақыт талабы, олардың кәсіби өсуі үшін қажеттілік. Бұл жоба, сонымен қатар, жаңартылған орта білім жағдайында «мектеп – жоғары оқу орны» құрылымдарын интеграциялаудың да негізі болып табылады. Университеттің стратегиялық жоспарында «Үш тұғырлы тіл» саясаты айқын көрсетілген.

2017-2018 оқу жылынан бастап университетте педагог мамандарды үш тілде білім беру бағдарламасы бойынша дайындау қолға алынды. 6 мамандықтың, атап айтқанда, «Физика», «Информатика», «Биология», «Химия», «Математика», «Дефектология» мамандықтарындағы оқу процесі үш тілде білім беру жүйесіне сәйкес құрылды. Дефектология мамандығында үш тілде білім беру «Логопедия» білім траекториясы бойынша жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім бағдарламасы үш тілде оқыту жүйесі негізінде жасақталуда. Аталған бағдарламаны енгізу нәтижесінде студенттер бірқатар нәтижелерге де қол жеткізді.

Сонымен қатар университетіміздің оқытушылары мен студенттері қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқытуға арналған деңгейлік тілдік курстарда білімдерін тұрақты жетілдіруде. Жуырда ғана 20 оқытушы пәндік сабақтарды ағылшын тілінде жүргізу

үшін тілдік біліктілігін арттыру курстарынан өтіп, арнайы сертификаттарға ие болды. Профессорлық-оқытушылық құрам ағылшын тілінде оқытуды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар және электронды оқулықтар әзірлеп, баспадан шығарды.

Бәсекеге қабілетті мамандар дайындау шеңбері мен үздіксіз білім беру жүйесінде мектептер мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдары базасында кафедра филиалдары жұмыстарын қолға алу маңызды. Университет кафедраларының стратегиялық мақсаты – барлық филиалдарды бітірушілердің педагогикадағы кәсіби ісі мен құзіреттілігін арттырудың сатысы ретінде пайдалануды жүзеге асыру болып табылады. Бұл, бір жағынан бітірушілердің жұмысқа орналасуына қосымша мүмкіндік, яғни кафедра филиалдарында практикадан өткен студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері де мол.

Қазір «Мектеп-университет-өндіріс» жобасы аясында университет және Ақтөбе облысының 12 аудандық білім бөлімдері, 20 қала мектептері арасында ынтымақтастық меморандумдары құрылды, сонымен бірге облыстың 7 ауданының мектептерінде 11 кафедра филиалы, қала мектептері базаларында 40-қа жуық кафедра филиалдары жұмыс жасайды.

Кафедралар филиалдарында дуалды оқыту элементтері енгізілген білім бағдарламаларының өндірістік тәжірибелерін ұйымдастыру, пәндер бойынша практикалық сабақтар өткізу, филиалдар мұғалімдерін білім беру процесіне тарту 2017–2018 оқу жылынан бастап жүзеге асырылып келеді.

Бүгінде педагогикалық білім беру

бағыты бойынша дуалды оқыту элементтері 18 мамандыққа енгізілді.

Университеттегі оқу процесіне өндірістен үздік әдіскерлер мен озат мамандар тартылуда. Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика мектеп-интернаты, Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясы, №33 «Нұрсәт» мектепке дейінгі білім ұйымы, №40 орта мектебінің 8 мұғалімі және Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкері «Физика», «Математика», «Информатика», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Тарих және Дінтану», «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарында сабақ береді.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мен университет арасындағы екіжақты ынтымақтастық туралы келісімге сай, жаңартылған білім мазмұны идеяларын жүзеге асыру бағытындағы «Үйрен-бөліс» жобасы аясында университеттің «Химия», «Информатика», «Математика», «Физика», «Биология», «Шет тілі: екі шет тілі» мамандықтарының 38 студенті ұзақ мерзімді тағылымдамадан өтіп, жаңартылған білімнің қыр-сырын меңгеруде.

НЗМ базасында аталған мамандықтар бойынша пәндерді «Оқыту әдістемесі» курсының практикалық сабақтары өткізіледі, студенттер өндірістік тәжірибелер барысында ағылшын тілінде сабақ беруді меңгеруде.

Педагогикалық мамандықтарға дуалды оқыту элементтерін енгізу университет білім алушыларына тәжірибелік қызметпен, корпоративтік мәдениетпен танысуға және кейіннен кәсіби дамуына, жұмыс орнында кәсіби қызметті бекітуге жәрдемдеседі.

Шағын жинақталған мектептер мәселесін шешу және бітірушілердің еңбекке орналасу мүмкіндігін кеңейту мақсатында университетте «Физика-Математика», «Тарих-География», «Тарих-Дінтану» қосарланған мамандықтары бойынша мамандар даярланады. Университетшілік қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша «Білім» бағытының 8 мамандығының студенттері екінші диплом иелену бағытында оқып жатыр.

Әлемдік озық практикаларды ескере отырып, мұғалім мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету, педагогикалық тәжірибеге «өмір бойы оқу» концептуалдық тәсілін енгізу,

ұстаздарды кәсіби дамытуға инвестицияның барынша тиімділігіне қол жеткізу мақсатында университетімізде Үздіксіз білім беру институты ашылды.

Үздіксіз білім беру институтының жұмысы екі бағытты қамтиды: біріншісі – Ақтөбе облысы білім беру мекемелері педагог кадрларының біліктілігін арттыру, екіншісі – өңірдегі шағын жинақ мектебі мәселесін шешу мақсатында кадрларды қайта даярлау және курсқа қатысушыларды онлайн режимінде заманауи инновациялық технологиялар әдістері арқылы оқыту.

Бүгінге дейін Үздіксіз білім беру институты ұйымдастырған арнайы курстардан облысымыздың 300-ге тарта мұғалімі қайта даярлаудан өтті. Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласының мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілері мен мұғалімдері 21 мамандық бойынша біліктілігін жетілдірді.

Жұбанов университеті Ақтөбе облысындағы орта, орта арнаулы және жоғары оқу орны педагогтерімен өзара тәжірибе алмасу, оқу процесінде инновациялық әдістерді қолдану мүмкіндіктерін көрсету мақсатында әдістемелік семинарлар өткізеді. Оқу жылы барысында аудандар мектептерінде өткізілген «Университет күні» аясында «Университет мектепте» тақырыбында оқыту семинарларын ұйымдастырды, қазір «Оқыту мен тәжірибе» атты аймақтық семинар өткізуге дайындалудамыз.

Елімізде орта білім беру жүйесіне білім алушылардың оқыту нәтижелерін критериалды бағалау моделі енгізілді. Қазір «Білім» бағыты мамандықтарында болашақ педагогтарды кәсіби даярлауды, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін қалыптастыру және қолдануды қамтамасыз ететін «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» курсы оқытылуда.

Университет студенттері критериалды бағалау жүйесін жоғарыда аталған оқу пәні арқылы теориялық меңгеріп қана қоймай, Үздіксіз білім беру институтының ұйымдастыруымен «Білім» бағыты мамандықтарының 3-4 курстарының 150 студенті үшін қаланың 5 мектебінің базасында (№8, 21, 30, 40, 51 ОМГ) «Мектептің оқу үрдісінде критериалды бағалау» тақырыбында біліктілікті арттыру курс-

тары өткізіліп, сертификаттар табысталды. Ал «Экономиканың жаңа моделі шеңберінде білікті кадрларды даярлау» жобасы бойынша университеттің 200 оқытушысы біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Университет отандық білім нарығында «Білім» бағыты мамандықтары бойынша академиялық беделін көрсетіп келеді. Аккредиттеу және рейтингтің Тәуелсіз агенттігі тарапынан жүргізілген ЖОО-ның 2018 жылғы рейтингісінің нәтижелеріне сай, Жұбанов университеті «Білім» бағыты бойынша 3-орынды иеленді, 5 білім бағдарламасы 1-ші, 3 білім бағдарламасы 2-ші, 1 білім бағдарламасы 3-ші позициялардан орын алды.

2018 жылы «Білім» бағыты мамандықтарын бітірген түлектердің нақты жұмысқа орналасу көрсеткіші қазіргі кезде 65%, қамтылу деңгейі 87,5% құрап отыр.

Университет бүгінгі күні «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес, «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу, педагогикалық кәсіп құндылықтарын қалыптастыру бағытындағы жұмысын одан әрі жетілдіруде.

**Бибігүл АБЕНОВА,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры**

АННОТАЦИЯ ○

Об образовательном, научном и культурном центре, инновационном лидере вузов области – Актюбинском региональном государственном университете им. К. Жубанова рассказывает проректор Бибигүль Абенова. Сегодня кузница педагогических кадров региона уверенно смотрит в завтрашний день, успешно развивается как многопрофильное учебное заведение. Наряду с педагогическими специальностями, здесь идет подготовка кадров и по другим направлениям.